

Темекі бұйымдарының жекелеген түрлерінде никотин мен шайырлы заттардың болуына рұқсат етілетін шекті деңгейлерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 шілдедегі N 687 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 12 қыркүйектегі № 744 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.09.2024 № 744 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған темекі бұйымдарының жекелеген түрлерінде никотин мен шайырлы заттардың болуына рұқсат етілетін шекті деңгейлер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 11 шілдедегі
N 687 қаулысымен
бекітілген

Темекі бұйымдарының жекелеген түрлерінде никотин мен шайырлы заттардың болуына рұқсат етілетін шекті деңгейлер

Темекі түтінін Темекі бұйымдарының жекелеген түрлерінде реттеуші құрауыш никотин мен шайырлы заттардың болуына рұқсат етілетін шекті деңгейлер өлшемі миллиграмм сигаретке (мг/сигаретке)

Шайырлы заттар 14,0
артық емес
Никотин 1,2
артық емес

Ескерту:

1. Шайырлы заттардың, яғни шайырдың болуы бір сигаретке шаққанда ылғалды конденсаттың салмағы мен темекі түтінінің негізгі шудасында су мен никотиннің болуы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

2. Филтрсіз сигареттер үшін шайырлы заттардың болуы 16 мг/сигареттен және никотиннің болуы 1,3 мг/сигареттен аспауға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК